

Әрбір адам бала кезінен
«Қазақстан – менің
Отаным, оның мен үшін
жауапты екені сияқты,
мен де ол үшін
жауаптымын» деген
қарапайым ойды бойына
сіңіріп өсетіндей болғаны
жөн.
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС



БАСҚАРУДЫҢ
ЖАҢА ЖҮЙЕСІ

3

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ



ЖАҢА АЛМАТЫ –
ЖАҢА МҮМКІНДІК

6

ЖАҚЫНЫҢА
ЖАНАШЫР БОЛ!



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

16.11.2021

Түнде:

-1-3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+6+8 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің
жылдамдығы:
2-7 м/с

17.11.2021

Түнде:

-1+1 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын
(жаңбыр, қар), көктайғақ.

Күндіз:

+8+10 °C
Көшпелі бұлтты, кей уақытта
жауын-шашын
(жаңбыр, қар), көктайғақ.

Желдің жылдамдығы:
2-7, екпіні 10 м/с

ИНДЕТПЕН КҮРЕС

РЕВАКЦИНА ИММУНИТЕТТИ
КҮШЕЙТЕДІ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ Жалпы иммунология кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымының кандидаты Эльмира Битанова ревакцина адамдардың иммунитетін күшейтуге қалай әсер ететіні жайлы баяндап берді.

10

БРИФИНГ

ҮЛКЕН СҰРАНЫСҚА ИЕ
БАҒДАРЛАМА

Алматыда жұмыс істейтін жастарға
қалай баспана алуға болады?



Мегполисте «Жұмыс істейтін жастар үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй» бағдарламасы бойынша құжаттарды қабылдау басталды. Осыған орай, кеше Алматы қаласы Тұрғын үй саясаты басқармасы басшысының орынбасары Ермек Әміров Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында брифинг өткізіп, онда бағдарламаға қатысу шарттары туралы баяндады.

2

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды Ұлттық валюта күнімен құттықтады.
- 21 қарашадан бастап Алматыда «жасыл» аймаққа сай карантин шаралары жеңілдейді.
- Алматыда «Жұмыс істейтін жастар үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй» бағдарламасы бойынша құжаттарды қабылдау басталды.
- Қаладағы Жетісу ауданында 3 тәулік ішінде 12-ден 18-жасқа дейінгі 69 бала, 18 емізетін ана, сондай-ақ аяғы ауыр 3 келіншек екпе алған.
- Мегполисте жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Уәлихан Қалижанұлының «Жамбыл» роман-эпюдінің тқсаукесері өтті.

www.almaty-akshamy.kz





САММИТ

МАҢЫЗДЫ ШЕШІМДЕР
ҚАБЫЛДАНДЫАйнұр
СЕНБАЕВА

Өткен аптада Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің VIII Саммитіне қатысты.

Саммит Ыстамбұл қаласының оңтүстік-шығысында Мәрмәр теңізінде орналасқан Демократия және бостандық аралында өтті. Халықаралық жиынға Қазақстан Президентінен басқа Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоған және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түркіменстан халықтарын биылғы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен құттықтап, мұның тарихи белес екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы екі жылдан бері аталған Кеңеске тиімді төрағалық етіп келе жатқан Әзербайжан басшылығына алғыс білдірді. Сондай-ақ, олардың Кеңес жұмысын жандандыра түсуге зор үлес қосқанын айта келіп, әлемді жайлаған індетке қарамастан, түркі кеңістігінде бірқатар жақсы жаңалық болғанын айтты. Түркітілдес мемлекеттер пандемияға қарсы күресте күш біріктіру үшін алғашқылардың бірі болып төтенше саммит өткізген болатын. Түркістан қаласы Түркі әлемінің рухани астанасы атанды, сондай-ақ Таулы Қарабақ мәселесі де Біріккен Ұлттар Ұйымының қарарына сәйкес оң шешімін тапты.

Кеңестің келесі жиынына Түркия Республикасы төрағалық етеді. Қасым-Жомарт Тоқаев Ұйымның жаһандық деңгейде лайықты орнын алатынына сенім білдірді.

– Менің пікірім бойынша ұйымымыз, ең алдымен, экономикалық, гуманитарлық және экологиялық ынтымақтастыққа баса мән бергені жөн. Біз жаңартылатын қуат көздерін дамыта береміз. Бұл міндет «Жа-



сыл экономикаға» көшу туралы тұжырымдамада көрініс тапты. Жоспарланған шаралар 2060 жылға қарай көміртегіден арылуға жол ашады. Сондай-ақ, алдағы он жылда парникті газ шығаруды 15 пайызға азайтуға мүмкіндік береді. 2025 жылға дейін 500 мың гектар жерге 2 миллиард түп ағаш отырғызуды жоспарлаудамыз. Бұған қоса, қазір еліміздегі жаңартылатын қуаттың үлесін 3 пайызға жеткіздік. Оны 2030 жылға қарай 15 пайызға дейін арттырамыз. Сол мақсатпен Нұр-Сұлтан қаласында «Жасыл технологиялар мен инвестициялық жобалардың халықаралық орталығын» аштық, – деді Қазақстан Президенті.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық жылыну үдерісі, сутегі энергетикасын дамыту, су және азық-түлік қауіпсіздігі, трансшекаралық су ресурстарын тиімді пайдалану секілді аса маңызды мәселелерді бірлесіп шешу қажеттігіне тоқталды. Бұл шекаралас жатқан елдер үшін ортақ проблема болғандықтан, Қа-

зақстанның бірлесіп гидроқұрылымдар салуға дайын екенін жеткізді.

Қазақстан Президенті атаған маңызды міндеттердің тағы бірі – мемлекеттердегі қала халқы санының артуы. Біріккен Ұлттар Ұйымының болжамы бойынша 2050 жылға қарай жер бетіндегі қала халқының үлесі 68 пайызға жетеді екен.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы инновациялар мен стартаптарды дамытуға қолайлы жағдай жасау қажет екенін атап өтті. Ол Түркі ұйымы мүшелерін заманауи технопарктер орталығын құру мәселесін зерделеуге шақырды.

Сөз соңында Қазақстан Президенті осы басқосудың маңызы айрықша екенін айта келіп, Ұйымға мүше елдер татулықтың жаңа кезеңіне қадам басқанын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев осында қабылданған аса маңызды шешімдер мен тың бастамалар тұтас түркі әлемінің бауырлас-тығын нығайта түсетініне сенім білдірді. Саммит қорытындысы бойынша біршама маңызды құжаттарға қол қойылды.

БРИФИНГ

ҮЛКЕН СҰРАНЫСҚА ИЕ БАҒДАРЛАМА

Алматыда жұмыс істейтін жастарға қалай баспана алуға болады?

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Спикердің айтуынша, бағдарлама аясында тұрғын үй тек 5 жылға беріледі және оны 29 жасқа дейінгі жұмыс істейтін жастар ғана ала алады. Осы уақыт ішінде жеке тұрғын үй сатып алуға немесе бастапқы жарнаға қаржы жинақтау ұсынылады. Тұрғын үй үшін ай сайынғы жалдау ақысы 9-10 мың теңгені құрайды.

– Өтінімді балалары бар отбасылық жұптар да бере алады. Бұл ретте олардан кемінде соңғы екі жылға Алматы қаласында тұрақты тіркеу талап етіледі. Сондай-ақ, үміткерлерде ҚР аумағында соңғы 2 жылда тұрғын үй болмауы тиіс. Бағдарламаның шарттарына орай олардың ай сайынғы жалақысы жұмыстың соңғы 6 айында 40 АЕК-тен жоғары болуы тиіс – 116 680 теңге, – деді Е.Әміров.

Тағы бір айта кететін жайт, бағдарламаға қатысатын үміткерлерге мамандықтар бойынша талаптар жоқ. Сол себепті, бюджеттік және мемлекеттік қызметкерлерден басқалары да өтінім бере алады.

Ең алдымен, өтінім берушілер ЭЦҚ кілтін алуы қажет, қажетті анықтамаларды өтінім берген сәтте ұсыну керек. Құжаттар тізімін <https://almaty-jastary.info> сайтынан табуға болады және сол жерде өтінімдерді қабылдау жүзеге асырылады.



Құжаттарды тапсырғандар арасында іріктеу балдық жүйе бойынша жүргізіледі. Қабылдау ағымдағы жылдың 20 қарашасында 23.59-да аяқталады. Бүкіл процесс автоматтандырылған және тек сайтта жүреді, сондықтан көмек ұсынатын бейтаныс адамдарға сенбеген жөн.

«Жұмыс істейтін жастар үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй» бағдарламасы ҚР Тұңғыш Президентінің бастамасымен 2019 жылы бекітіліп, дәл сол кезде 1050 жас жалдамалы шаршы метр болатын баспанаға қол жеткізген. 2020 жылы тағы осы бағытпен 350 адам қоныс тойын тойлаған болатын.

Жыл соңына дейін әкімдік Наурызбай ауданының «Алма Сити-5» және Алатау ауданының «Мәдениет» жаңа тұрғын үй кешендерінде 1050 бір бөлмелі пәтерді жалға береді.

Брифинг барысында Тұрғын үй саясаты басқармасының өкілі «Алматы жастары» тұрғын үй бағдарламасын жүзеге асыру туралы да еске салды. Бағдарламаның арқасында алғашқы немесе қайталама нарықта тиімді 5%-бен, 10 пайыздық бастапқы жарнамен пәтер сатып алуға болады. Несиенің максималды сомасы – 18 млн. теңге. Несиелеу мерзімі – 6 айдан 25 жылға дейін.

Бағдарламаға 35 жасқа дейінгі жастар қатыса алады, олар: медицина қызметкерлері, мұғалімдер, ЖОО мен ҒЗИ оқытушылары мен ғылыми қызметкерлері, мәдениет және спорт саласының қызметкерлері, журналистер, жазушылар, Халықты әлеуметтік қорғау және құқық қорғау органдарының қызметкерлері. Өтінімді <https://almaty-jastary.info> сайтында беруге болады.

– Бұл бағдарламаға Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев бастамашы болды. Биыл «Алматы жастары» арқасында Отбасы банкі арқылы 900 пәтер мақұлданды. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті мыңға жеткізуді жоспарлап отырмыз, – деді Ермек Айтбайұлы.

Бағдарлама үлкен сұранысқа ие, сондықтан оны іске асыру 2022 жылы да жалғасады.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Тоғыз шағынаудандағы

341

көшеде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі.



Алматыда

2622

IT-компания орналасқан.



Шаһарда жыл басынан бері

92 шақырым
су құбыры тартылды.

Алматылық жеткіншектерге спорттың

71

түрі бойынша тегін секцияларға жазылуға болады.



Мегаполистің

84

қоғамдық кеңістігі екі жылда абаттандырылды.



БҮГІН – ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ



БЕЙБІТШІЛІК ПЕН КЕЛІСІМГЕ БАСТАР ЖОЛ

Қазақстан көпэтникалық ел, сондықтан халықтар арасындағы достық пен өзара түсіністік ахуалын құруға арналған мерекелер біздің қоғам үшін ерекше құнды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бірлігіміз – әралуандықта» деген басты қағидамыз ешқашан өзгермейді. Сондықтан этносаралық қатынастардың үйлесімді дамуы Қазақстанның мемлекеттік саясатының басты бағытының бірі болған, әрдайым солай болып қала береді. Біздің азаматтарымыз үшін келісім мен толеранттылық – мәдениеттер мен тілдерді өзара тоғыстыратын өмірдің шынайы көрінісі, нақты болмысы», – деп атап көрсеткен болатын.

Толеранттылық күнін 1995 жылы ЮНЕСКО халықаралық ұйымы жариялады, ал екі жылдан кейін БҰҰ Бас Ассамблеясы оны әлемнің барлық жерінде атап өтуді ұсынды. Бұл күн БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарына қосылған әлемнің барлық елдері үшін бірдей. Мереке 16 қарашаға сәйкес келеді. Дәл осы күні мектептерде, еңбек ұжымдарында және көпшілік шараларда төзімділік пен достық туралы айтылады.

«Төзімділік принциптерінің декларациясы»

Бұл күн кездейсоқ таңдалған жоқ. 1995 жылы 16 қарашада жалпы түсіністік пен сыйластықтың негізін қалауға арналған негізгі құжат қабылданды. «Төзімділік принциптерінің Декларациясы» толеранттылықты бейбітшілік пен келісімге жетудің бірден-бір мүмкін қадамы деп атады.

Толеранттылық Декларациясында барлық адамдар әртүрлі, бірақ бәрі құқықтары мен қадір-қасиеттері бойынша тең деп жазылған. Құжатта толеранттылық – құрметтеуді, түсінуді және мәдениеттердің әртүрлілігін, даралықты көрсету тәсілдерін, өзін-өзі көрсету формаларын қабылдауды білдіреді. Мемлекеттік деңгейде толеранттылық – бұл әділ заңнама, барлық құқықтар мен

нормалардың сақталуы. Сондай-ақ, толеранттылық – бұл планетаның әрбір тұрғынына ешқандай кемсітуші әлеуметтік және экономикалық даму мүмкіндіктерін беру болып табылады.

Толеранттылық принциптері – адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарының бірі, олар заңдарда және халықаралық декларацияларда сипатталған.

Халықаралық толеранттылық күні ойлар, сенімдер мен іс-әрекеттерде бейнеленген әртүрлілік қауіпті емес, құнды сыйлық екендігі туралы идеяның расталуы мен орын алуы қажет. Біз осы негізгі идеал тамыр жаятын толерантты қоғамдастықтар құруға ұмтылуымыз керек.

Жеке адамға құрмет

16 қарашада толеранттылық күнін мерекелеуге қосылған елдерде жеке адамға құрмет туралы айту әдетке айналған. Әдетте, іс-шаралар оқу орындарында: мектептерде, колледждерде, университеттерде өтеді. Мұғалімдер оқушыларға өзара сыйластық қажеттігін, әр адамның ерекшеліктерінің, мәдени және діни өзгешеліктерінің құндылығы туралы айтады. Бұл күні мектептерде ашық сабақтар, байқаулар, сынып сағаттары өтеді. Олар әртүрлі атаулармен аталады: Достық күндері, өзара түсіністік күндері, өзара сыйластық сабақтары.

Бұл өскелең ұрпақпен олардың қай мәдениетке жататындығына, терісінің түсіне, түріне және діни наным-сеніміне қарамастан, адамгершілік мінез-құлық және адамдарға деген мейірімділік идеяларын талқылауға жақсы мүмкіндік болады.

Тәуелсіздік жылдары бізге этностық және діни алауыздықтардың алдын алып, ұлттық апатқа жол бермеудің сәті түсті. Одақ ыдыраған алмағайып кезеңде Қазақстан өзінің ішкі саясатының – бейбітшілік, келісім және бірлік – деген негізгі үш принципін қалыптастырды. Нақты тәуелсіздікке және идеялық бірлікке қол жеткізу тек қоғамда тұрақтылық, рухани келісім болғанда ғана жүзеге асатын еді. Қоғамның полиэтностығы басты, тұрақты, біріктіруші фактор болуға тиіс. Сондықтан да Қазақстанға елдегі этностық топтар арасындағы диалог алаңы болатын құрылым керек еді. 1995 жылы 1 наурыз-

Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
эл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
Қазақстан тарихы кафедрасының
оқытушысы.

ВОЛЕЙБОЛ

«Буревестник» – Қазақстан Суперкубогының иегері



Әсел
ДАҒЖАН

Кеше Суперкубоктың шешуші ойынында «Тараз» және «Буревестник» командалары кездесті.

Қазақстан чемпионы «Буревестник-Алматы» клубы суперкубокты үшінші мәрте жеңіп алды. Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев өзінің Твит-

тердегі парақшасында спортшыларды кезекті жеңісімен құттықтады.

«Еліміздің суперкубогының үш дүркін иегері атанған «Буревестник-Алматы» клубы командасын, жаттықтырушылар құрамын құттықтаймын! Волейболшылар 2022 жылы мамырда Катарада өтетін Азия чемпионатының беделді турнирінде Қазақстанның намысын қорғайды», – деп жазды қала әкімі.

ТҮРҒЫН ҮЙ

Басқарудың жаңа жүйесі



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Кеше Алматыда тұрғын үй қорын басқарудың жаңа нысандарын құру жөнінде «Дөңгелек үстел» өтті. Басқосуға Алматы қаласы тұрғын үй саясаты басқармасының басшысы Данияр Батанұлы, Алматы қаласы тұрғын үй саясаты басқармасы басшысының орынбасары Нұрбол Қажин, Алматы қаласы тұрғын үй саясаты басқармасының тұрғын үй инспекциясы және тұрғын үйді жаңғырту бөлімінің басшысы Жандос Маратұлы, Алматы қаласы тұрғын үй саясаты басқармасы Тұрғын үй инспекциясы және тұрғын үйді жаңғырту бөлімінің бас маманы Бекежан Алмабекұлы қатысты.

Жиында Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша ҚР заңнамасындағы өзгерістерге сәйкес бұрын осы мәселелермен айналысқан пәтер иелері кооперативтерінің (ПИК) орнына тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты басқару үшін мүлік иелері бірлестіктерінің (МИБ) және жай серіктестерді (ЖС) құру жүргізіліп жатқаны айтылды. Қазіргі уақытта Алматы қаласында 600 МИБ тіркелген және 2975 көппәтерлі тұрғын үйді басқаруды жүзеге асыратын 2182 ЖС таңдалған.

Қазақстанда тұрғын үйді басқарудың жаңа түріне көшу туралы шешім ПИК қызметінің сапасы мен ашықтығына қатысты азаматтардың шағымдарының жиілеуіне байланысты қабылданған. МИБ немесе ЖС құру тұрғындарға кондоминиум объектісін дербес басқаруға, сондай-ақ көппәтерлі үйді басқаруға және абағандыруға жиналған қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қадағалауға мүмкіндік береді.

Алайда, ауысу процесі әрдайым оңайға түсе бермейді. Алматы қаласы тұрғын үй саясаты басқармасы басшысының орынбасары Нұрбол Қажиннің айтуынша, ең көп тарапқан мәселелердің бірі ПИК-тің үйді МИБ-ке беруден бас тартуы болып табылады.

– Басқару органдарының қазіргі басшыларына ықпал ету шараларының болмауына байланысты көппәтерлі тұрғын үйге барлық

қажетті құжаттаманы (техникалық, атқарушы және қаржылық) беру көбінесе сот шешімі бойынша жүзеге асырылады, өйткені, басқару органдарының төрағалары қабылдау-тапсыру актісіне өз еркімен қол қоюдан бас тартады. Бұл ретте сот процесі орта есеппен бір жылға дейін созылады, бұл тұрғындар арасында шиеленісті тудырады, – деп атап өтті Нұрбол Қажин.

Сарапшылар атап өткен тағы бір мәселе – пәтер иелерінің кондоминиум құрамына кірмейтін үй жән аула аумақтарын тазалауға жауап бергісі келмеуі. Бұл қиындықты жеңу үшін іс-шараға қатысушылардың пікірінше, үй және аула аумақтарын күтіп ұстау кезінде орындалатын жұмыс түрлерінің бірыңғай классификациясын жасап, оларды күтіп ұстау стандарттарын одан әрі бекіту қажет. Қазіргі уақытта екі мәселе де қалалық әкімдіктің бақылауында.



Пәтер иелеріне 2021 жылғы 7 қаңтарға дейін МИБ немесе жай серіктестік құру қажет және бұл процесті белгіленген мерзімде аяқтау үшін тұрғындармен және қолданыстағы басқару органдарының басшыларымен белсенді түсіндіру жұмыстары жүргізіледі – жиналыстар өткізіледі, заңнамаға енгізіледі, анықтамалық және ақпараттық материалдар телеарналар мен интернет-ресурстар арқылы таратылады, сондай-ақ call-орталық арқылы кеңестер жүргізіледі. Басқарудың жаңа түріне көшу мәселелері бойынша азаматтар түсініктеме алу үшін тікелей Алматы қаласының Тұрғын үй саясаты басқармасына жүгіне алады. Достық даңғылы, 85 мекенжайы бойынша немесе 225-14-31 телефоны бойынша ақпарат алуға болады.



«ЖАСЫЛ ҚАЛА» ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Ақтолықын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев ЕҚКДБ-ның Қазақстандағы басшысы Хусейн Озханды қабылдады. Бұл туралы қала әкімі Twitter парақшасында жариялады. «ЕҚКДБ-ның ҚР-дағы басшысы Хусейн Озханды қабылдадым. Алматы үшін «Жасыл қала» іс-қимыл жоспары талқыланды. Құжатта энергетика, құрылыс, қатты қалдықтар, сумен жабдықтау, жерді пайдалану, көлік секторын жаңғырту, экологияны жақсарту бойынша жүйелі шаралар кө-

сетілген», – деп жазды Б.Сағынтаев. Айта кетерлігі, Қазақстан Республикасы Еуропа қайта құру және даму банкімен 1992 жылы байланыс орнатып, мүшелікке өтті. Бұл байланыс стратегиясы бойынша бірінші кезеңде техникалық ынтымақтастық арқылы ұйымдастыру және кадрлар даярлау жұмыстарын жүргізу болса, екінші кезеңде қаржы секторына, ауыл шаруашылығы, энергетика, тау-кен өнеркәсібі және көлік салаларын инвестицияландыру қамтылды. Осыған орай, Қазақстанда көптеген жобалар іске асырылуда.

Қар тазалауға 498 бірлік техника жұмылдырылды

Кеше түнгі 01.00-ден бастап Алматының таулы аудандарында қар жауа бастады. Таңға дейін тау бөктерінде 5-8 см., тауларда 40 см.-ге дейін қар түсті. Таңертеңгі уақытта жаңбыр аралас қар жауа бастады.

Көктайғақтың алдын алу мақсатында қар жауа бастаған сәттен бастап қаланың жоғарғы бөлігінде жолдарға, жол қиылыстарына көктайғаққа қарсы материалдар себіліп, қар тазалау жұмыстары басталды. Аудан мен қала әкімдіктерінде қар тазалау жұмыстарын бақылау бойынша тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылды.

Тротуар, жаяу жүргіншілер аймақтарын, қоғамдық көлік аялдамаларын, «қалталарды» және басқа да жалпы пайдалану орындарын тазалауға ерекше көңіл бөлінді. Түскен жапырақтарды жаппай жинау ұйымдастырылды. Түнгі уақытта 498 бірлік техника жұмылдырылса, оның ішінде 178 құм шашқыш пен 280 жол жұмысшысы бар. 920 тонна тайғаққа қарсы материал пайдаланылды. 15 қараша күні таңертең 545 бірлік техника, оның ішінде 197 құм шашқыш пен 1494 жол жұмысшысы жұмылдырылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

#QAZAQSTAN30

ЖАҢА ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕ

Заңгерлер мен сарапшылар заңнаманы одан әрі жетілдіру мәселелерін талқылады

Ақтолықын ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі: бастау, қазіргі жағдайы, сын-тегеуріндері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференция өткізілді.

Шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің, Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігінің, Қазақстандық криминологиялық қауымдастығының өкілдері қатысты.

Халықаралық ғылыми конференция барысында саяси-құқықтық және әлеуметтік-экономикалық саланың өзекті мәселелері, жүйелі реформалар, заңнаманы одан әрі жетілдіру мәселелері талқыланды.

– Жаңа мемлекетте жаңа құқықтық жүйені құру үдерісі нәтижелі сәтті жүрді? Меніңше, бұл – Қазақстанда құқықтық мектептің қалыптасуына байланысты болса керек. Сол себепті, еліміздің заң жүйесін құрған, заңгерлердің тұтас буынын тәрбиелеген ғалымдарды, ұстаздарды еске алатын кез келді. Қазақстан Республикасы-



ның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев әрқазы ғалымдар мен олардың сіңірген еңбектеріне зор құрметпен, ілтипатпен қарайды. Осыған орай, Нұрсұлтан Назарбаев Қоры республиканың құқықтық дамуына айтарлықтай үлес қосқан қазақстандық заңгер-ғалымдарға арналған бірқатар кездесу өткізуді қажет деп тапты. Бұл жандардың пайым-парасаты ерекше ғылыми негіздеуге лайық, ал олардың патриотизмі мен Отанға деген қамқорлығы әрбір жас толқынға үлгі-өнеге болуы керек, – деді Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының ректоры Өмірәлі Жалаири.

Талқылау барысында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Қорының атқарушы директорының орынбасары Игорь Рогов қылмыстық-құқықтық реформалаудың қазіргі заманғы үрдістеріне, қылмыстық құқық бұзушылық институтын дамытуға, сот төрелігін асыруда соттардың

тәуелсіздігін нығайтуға, алдын ала тергеудің сапасын арттыру мақсатында және процеске қатысушылардың Конституциямен кепілденген құқықтарын сот арқылы қорғалуына, жеке басқа қолсұғылмаушылық, меншік және заңмен қорғалатын құпияларды нығайтуға байланысты құқық қорғау органдары жүйесін реформалауды атап айтты.

Спикерлер құқықтық ғылымның негізін салған, заң ғылымы саласында мамандар даярлаған, қылмыстық құқық саласында ғылыми еңбектер жазған Қазақстанның көрнекті заңгерлерін еске алды. Жиынға қатысушылардың пікірінше, еліміздегі заң ғылымының негізін қалаушылардың кәсіби һәм әлеуметтік қызметін ғылыми тұрғыдан пайымдау жүйелі түрде жүруі керек әрі бұрыннан белгілі заңгерлермен қатар, адам құқығын қорғауға бел буған жастарға да ерекше назар аудару керектігін атап өтті.

Тіркеусіз аяқкиім болмайды

Қазіргі таңда еліміздің базарларында сатылып жатқан аяқкиімнің 48 пайызы көлеңкелі бизнес саналады. Бұл туралы Мемлекеттік кірістер комитеті мен Ұлттық статистика бюросы мәлімдеді. Ал импорттаушылар мен өндірушілер аяқкиімді цифрлы таңбалаудан өткізетін болса, көлеңкелі бизнесің жолы кесіледі деп санайды. Айта кетерлігі, елімізде барлық аяқкиім өнімдерін цифрлы таңбалау жобасы 1 қарашадан басталады.

Енді өндірілген немесе импортталған әр етік, туфли арнайы тіркеуден өтеді. Бірақ саудагерлерге 1 қарашаға дейін әкелген аяқкиімді 2022 жылдың 1 сәуіріне дейін цифрлы таңбалаусыз сатуға рұқсат берілді.

Ол тұтынушыларға не береді?

Енді кез келген тұтынушы өзі алғысы келген аяқкиім қай жақтқи, қандай матадан жасалған, тағы басқа сұрақтарды сатушыға қоя алады. Осыған дейін білмейтін тұтынушыны сатушылар қаласа алдай салатын. «Нақты өнім» қосымшасын телефонға жүктеу арқылы алғалы тұрған тауар туралы бәрін білуге болады. Ол дата матрикс кодын сканерлеу арқылы жүзеге асады. Тұтынушыны ешкім алдай алмайды, оның құқығы толық қорғалатын болады.

Дата матрикс коды – шығыны аз, сақтайтын жады көп және криптоқорғанысы өте мықты код. Әлемде оны АҚШ, Еуропа елдері де қолданады. Осыған дейін кейбір бизнес өкілдері алушыға өтірік ақпарат беріп, оны бір алдаса, салық төлеуден жалтарудың мың жолын табатын. Енді цифрлы

таңбалау арқылы сол қитұрқылықтарының жолы кесіледі. Цифрлы таңбалаудан соң аяқкиім бағасы күрт өсе ме? Осы сұрақты да жауапты мекеме өкілдеріне қойдық.

– Сіз бір аяқкиімге бір цифрлы таңба аласыз. Ол 2 теңге 68 тиын. Ал этикетка ретінде шығарғанда арзан 5 тиындық түрін де, қымбаттырақ 1 теңгелік түрін де таңдай аласыз. Бұл бастама бағаға айтарлықтай әсер етпейді, – деді цифрлы экономика дамыту жобасының жетекшісі Мұхаммедхайдар Сейіт.

Айта кетерлігі, арнайы медициналық ортопедиялық және әскери аяқкиімдер цифрлық таңбалауды қажет етпейді. Сондай-ақ, шет елден өзіңіз үшін алып келсеңіз немесе шетелдік сайттардан тапсырыс берсеңіз, онда да код болмайды.

ҚҰРМЕТ



Рая
ЕСКЕНДІР

Ғасырға жуық тарихы бар, қазақ білімінің қарашанырағы Ш.Уәлиханов атындағы №12 гимназия ұжымы филология ғылымының докторы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ҰҒА академигі, мектеп түлегі Уәлихан Қалижанмен кездесу өткізді.

Алдымен мектеп кітапханасында Уәлихан Қалижан атындағы бұрыштың ашылу салтанаты өтіп, қаламгердің «Жамбыл» атты кітабының тұсауы кесілді. Мектеп түлегі кітапхана қорына сирек кездесетін 100 кітапты тарту етті. Кездесу кеші Мәжіліс залында жалғасып, жиналғандар кеш қонағының өмір жолына арналған деректі фильмді тамашалады.

Мектеп оқушылары біраз уақыттан бері қаламгердің еңбектерін жан-жақты зерделеп, зерттеу жұмыстарымен айналысып келеді. Кездесу барысында өздерінің ой-пікірлерін ортаға салып, зерттеген тақырыптары туралы әңгімеледі. Жас ақындар мектептің бірегей түлегіне арнаған жыр шумақтарын оқыды. Осыдан соң кеш қонағы сөз кезегін алды.

– Мен Жамбыл ауданындағы Бесмойнақ ауылындағы мектепте 5-сыныпқа дейін оқығанмын. Сол мектепке де кітаптар сыйладым. Атақты №12 мектептен қазақтың ең мықтылары, ең тұңғыштары шықты. Мына кітаптарды тарту етіп отырғаным – ұлы тұлғаларды оқыған балалар ұлттық рухты сезініп, бойларына сіңіріп өссе деймін. Мен осы мектепте 1962 жылы оқып, 1966 жылы бітірдім. Менің ұстазым Әлия Дүйсенова еді. Әдебиетке деген махаббатымды оятқан да сол кісі бола-

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Классиктің туғанына 200 жыл



Шаһардағы Kinopark 11 Imax Esentai кинотеатрында «Ваш весь Федор Достоевский» фильмінің тұсаукесері өтті. Премьера әлем әдебиеті классигінің туғанына 200 жыл толуына орайластырылып, «ЭМО» қоғамдық қорының тапсырысы бойынша Қазақстан православ шіркеуінің қолдауымен түсірілген.

Премьера алдында шағын үнсіз сахна қойылды. Бұл интерпретация көрерменді Федор Достоевскийдің әлеміне бағыттады. Фильмде жазушы тағдырының ең ауыр кезеңдері қамтылған. Өмірге келген Мәскеу қаласынан бастап, ату жазасына кесілген Петербор қаласы, Омскідегі қаторға – картинаның өзегіне айналған. Әсіресе, жазушының қазақ жері – Семейдегі рухани түлеуі жеке сахна ретінде көрініс тапқан.

– Достоевскийдің Шоқан Уәлихановпен Омскіде танысуы, одан әрі Семейдегі кездесулерін толық сахна ретінде көрсеттік. Бұл сахнаны жасауды XX ғасырдың басында

тын. Мектепте сол кезде небір үлкен кездесулер өтіп жататын. Атақты ақындар Сырбай Мәуленов, Әбділда Тәжібаевпен кездесіп, көзін көрдік. Біздің сыныпта оқыған Нұрканат Жақыпбай өнерге кетті. Смағұл Елубай екеуміз әдебиетті таңдадық. Сол 36 баланың 30-ы жоғары оқу орнына түсті. Бұл мектептің құдіреті, берген білімінің арқасы болса керек, – деді ерекше тебіренген Уәлихан Қалижан.

Келесі кезекте ардагер ұстаз Дәмелі Даниярова сөз алды:

– 36 баланың арасынан кәсіпкер де, дәрігер де шықты. Әрқайсысы өз саласының нағыз маманы болды. Ұшқан ұяларын ұмытпай, қарлығаштай бір соғып тұрады. Мектептің түлегі ретінде ұстаздарын, білім алған шаңырақтарын ұмытпай соғып тұруы да адами қасиеттерінің көрінісі дер едім, – деді ол.

Кездесу соңында ардагер ұстаз Рахима Сәкенова, мектеп басшысы Жанат Бекжанова сөз алып, қадірменді қонаққа алғыстарын білдірді.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Классиктің туғанына 200 жыл



фильмнің алғашқы режиссері армандаған. Біз оны жүзеге асырдық, – деді «Ваш весь Федор Достоевский» фильмінің режиссері Константин Харалампидис.

«Шоқанға арналған» сахнада атақты орыс хоры Абай өлеңіне жазылған әнді орындайды. Басты рөлдегі актер – атақты ресейлік биші Владимир Беляйкин. Шоқан Уәлиханов рөлінде – Қарағанды орыс драма театрының жетекшісі Данай Еспаев. Фильм өне бойы вокал мен музыкамен сүйемелденген.

– Достоевский шығармаларын терең ирониямен, сезіне отырып оқысаңыз, қорықпайсыз және бұл сіздің қорғанысыңыз болады, өмірдегі күйзелістерге иммунитет қалыптасады, – деді актер Владимир Беляйкин.

Енді Достоевскийдің өмірін кітап бетінен ғана емес, экраннан көруге мүмкіндік бар. Фильмдегі деректер жазушының жеке тағдырынан алынған.

Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.



ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ САЛА

Білім беру мекемелеріндегі орын тапшылығы мәселесі шешімін табады

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:



Жалпы, қала бойынша мектептерде 30 мың орын жетіспейді. Халықтың саны өсуіне орай келер оқу жылында бұл көрсеткіш екі есеге артады. Сондықтан 2020-2021 жылдары 16 жаңа мектеп және 23 қосалқы нысан салу жоспарланған, бұларда шамамен 47,5 мың орын болады. Яғни оқушы орнының тапшылығы 80 пайызға қысқарады.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында білім беру саласын қолдау саясаты жалғасатынын атап өтті. 2025 жылға қарай елімізде мың білім беру мекемесі салынуы тиіс. Президент Қазақстан халқына Жолдауында осындай міндет қойды.

Ел Президентінің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында Алматы әкімдігі жоспарлы жұмыс жүргізуде.

Мемлекет басшысының 2025 жылдың соңына дейін мындаған мектептің құрылысы бойынша қойған тапсырмасын орындау мақсатында Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев оқушы орындарын ұлғайту бойынша іс-шаралар мен жаңа тәсілдер кешенін әзірлеуді тапсырған болатын.

Алматыда карантиндік шектеулерге қарамастан, оқушы орындарының тапшылығын азайту және білім беру мекемелерінің желісін одан әрі кеңейту мақсатында қазіргі уақытта 12 600 орынды 8 мемлекеттік мектептің құрылысы жүріп жатыр.

• Алатау ауданында бес жаңа мектеп, Наурызбай ауданында тағы екі мектеп, Түркісіб ауданында бір жаңа мектеп ашылады. Салынып жатқан мектептердің үшеуі, яғни «Томирис», «Саялы» және «Қалқаман-2» шағын аудандарындағы білім ордалары 2021 жылдың соңында пайдалануға беріледі.

• Сонымен қатар, биыл мектептердің жанынан 8263 орынға арналған (№38, 60, 166, 186, 6, 132, 117, 133, 144, 121, 199, 191, 57, 177, 102, 34, 170) 17 жаңа корпусының құрылысы басталды.

• №38, 60, 166 мектептерге үш жаңа корпусының құрылысы жаңа оқу жылы басталғанға дейін аяқталған. Сондай-ақ, №6, 121, 133, 144, 170, 199 мектептерге 4150 орын болатын алты жапсарлас құрылыс салынды. Олар қыркүйек айында аяқталды. Қалған 8 мектептің, яғни 4113 орынға арналған – №34, 57, 102, 117, 132, 177, 186, №191 білім мекемелерінің қосалқы құрылысы қараша айының соңына дейін аяқталады.

• Биыл алматылық құрылысшылар №7, 40, 45, 54 және 81 мектеп ғимараттарын қалпына келтіру және сейсмикалық нығайту жұмыстарын жүргізді.

• 48 мектепті қайта құру, №9, 43 мектептерге қосымша құрылыстар салу және №129, 145, 166 мектептерді сейсмикалық күшейту бойынша жұмыстар басталды.


Осылайша Алматыда жыл соңына дейін 16 мыңнан астам оқушы орны іске қосылады.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА НЫСАНДАРЫН САЛУ

ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТЕРДІҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ



ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА НЫСАНДАРЫН САЛУ



УЧАСКЕ		СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ
1	Алатау ауданы «Саялы» ш.а.	1 800 орын
2	Наурызбай ауданы «Қалқаман-2» ш.а. (Абай)	1 500 орын
3	Наурызбай ауданы «Қалқаман-2» ш.а.	1 800 орын
4	Түркісіб ауданы «Қайрат» ш.а.	1 500 орын
5	Алатау ауданы «Нұркент» ш.а.	1 500 орын
6	Алатау ауданы «Дархан» ш.а.	1 500 орын
7	Алатау ауданы «Томирис» ш.а.	1 500 орын
8	Алатау ауданы «Рахат» ш.а.	1 500 орын
Барлығы:		12 600 орын

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ БАРЫСЫ

• Метрополисте 288 887 оқушыға жалпы білім беретін 278 мектеп бар. Оның 207-і мемлекеттік, 71-і жекеменшік мектеп. Өткен оқу жылында мектепті 11,5 мың оқушы бітірді. 900 түлек «Үздік аттестат» алса, 621 түлек «Алтын белгі» иегері атанған.

• Алматы қаласының білім беру нысандарын үдемелі салу бағдарламасы аясында қабылданған шаралар мектептердегі тапшылықты 73%-ға төмендетуге мүмкіндік береді.

Дайындаған
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ШЕТСІЗ ҚАЛА

ЖАҢА АЛМАТЫ –
ЖАҢА МҮМКІНДІК

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тұрғындармен кездесу қорытындысы бойынша жүргізілген талдау нәтижесі туындаған бірқатар мәселелердің қаланың шет аймақтарында шоғырланғанын көрсетті.

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Соңғы жылдары мегаполиске жаңа аудандардың қосылуына байланысты мәселелер қатары артқан болатын. Мысалы, 105 мыңнан астам тұрғыны бар Наурызбай, Алатау, Медеу, Түркісіб, Бостандық және Жетісу аудандарының 23 шағынауданында орталық сумен жабдықтау және су бұру болған жоқ. 2020–2024 жылдарға арналған «Жаңа Алматы» кешенді жоспары аясында 15 шағын ауданда желі құрылысы басталды. Олардың құрылысы аяқталғаннан кейін 71 мыңнан астам тұрғын коммуникациялармен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, қала көшелерінің шамамен 30%-ы жарықтандырылма-

ған немесе жартылай жарықтандырылған, жолдардың жақсы және қанағаттанарлық үлесі 83%-ды құрады, ал инженерлік желілердің тозуы 60%-дан асқан. Кейбір аудандар, атап айтсақ, Түркісіб, Жетісу, Әуезов аудандары тұрғын үй және мектептермен жеткілікті қамтамасыз етілмеген.

Осы мәселелерді шешу мақсатында Алматының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясының «Шетсіз қала» бірінші қағидаты бойынша барлық аудандарда өмір сүрудің жоғары стандарттары, көпфункционалдық жоспарлау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қойылған міндеттерді іске асыру жарықтандыру, су, газ, кәріз мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.



Даму бағыты

Өткен жылы кешенді жоспар іс-шараларын іске асыруға шамамен 167 млрд. теңге бөлінді. Ағымдағы жылы бұл жоспар экономиканың өсуіне жұмыс істеп жатыр. Мәселен, биылғы жылы ДКЖ аясында қаржыландырудың барлық көздерінен қала экономикасына 166,3 млрд. теңге бағытталды (жоспар – 211,4 млрд. теңге).

Жалпы кешенді жоспар аясында 428 жоба жүзеге асырылуда. Оның 69-ы 2020 жылы іске асырылған. 2021 жылы 286 жоба іске асырылу сатысында, тағы 73 жоба келесі жылдары іске асырылатын болады.

«Жаңа Алматының»
2021 жылғы кешенді жоспары:

● БІЛІМ

Алатау, Наурызбай, Түркісіб аудандарында 11 100 орынды 7 мектептің және 6125 орынды мектептердің 12 қосымша құрылысының қысқа мерзімді жоспары жүргізілуде.

«Таусамалы» және «Алатау» ықшамаудандарында 240 орынды 2 балабақша пайдалануға берілді, 120 орынды 1 балабақша ағымдағы жылдың желтоқсан айында пайдалануға беріледі. «Жас қанат» ықшамауданында 280 орынды балабақшаның құрылысы аясында кестеге сәйкес ҚМЖ жүргізілуде. Аяқтау мерзімі – 2022 жыл.

458 орынды 72 жекеменшік балабақша ашылды.

● СПОРТ

Биылдан бастап Алматы қаласы әкімдігі балаларды тегін спорт секцияларымен қамтамасыз ететін. Бұл мақсатта 1,5 миллиард теңге бөлінген, барлығы 40 мыңға жуық баланы қамту жоспарланып отыр. Сонымен қатар, ата-аналар баланың өтініші бойынша кез келген спорт түрін таңдай алады. Қазіргі уақытта алматылықтар 71 спорт түрінен тегін секцияға жазыла алады.

Тегін секцияларға 4 жастан 18 жасқа дейінгі балалар қатыса алады. Ата-аналар үйдің ыңғайлылығына байланысты artsport.edu.kz платформасы арқылы ең қолайлы бөлімді таңдай алады.

Қазіргі уақытта 24 мыңнан астам өтініш берушіге тегін сабақтарға жолдамалар берілді. Олардың арасында футбол, таэквондо, каратэ, жүзу және дзюдо секциялары ең көп сұранысқа ие.

«Жаңа Алматының»
спорт кешендері бойынша
жүргізген жұмыстары:

«Жас қанат», «Құлагер», «Алатау», «Айнабұлақ», «Кемел» және «Зерделі» ықшамаудандарында 6 дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жүргізілуде.

5 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін аяқтау мерзімі осы жылдың соңына жоспарланған. «Зерделі» ықшамауданындағы орталықтың құрылысы 2022 жылдың бірінші тоқсанында аяқталады.

АЗАМАТТЫҚ ФОРУМ

Өзекті мәселелерді
талқылайды

Алматыда 22–26 қараша күндері еліміз Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу шеңберінде «Қоғам мен мемлекеттің тұрақты дамуы мүддесіндегі әріптестіктің 30 жылдығы» тақырыбында Қазақстанның X Азаматтық форумы өтеді.

Форум қарсаңында 16 қараша күні қаладағы «Алтын Емел» конференц-залында («Қазақстан» қонақүйі, Достық даңғылы, 52/2) «Light Lunch», яғни «Галстуксіз кездесулер» форматында кездесу жоспарланған.

Кездесуге жергілікті атқарушы органдар басшыларының, белсенді үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің, мәслихат депутаттарының, сарапшылардың, сондай-ақ бизнес қоғамдастықтар мен бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуы жоспарлануда.

Іс-шарада мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды нығайту, түрлі өзекті әлеуметтік мәселелер бойынша бірлескен жұмысты жүзеге асыру, сондай-ақ қоғамдық секторды дамытуға қатысты басқа да өзекті проблемалар талқыланады.

Байланыс мәліметтері:

Тел: +7 (727) 272-20-07 (жұм.), 8 707 994 40 70, 8 701 641 24 83 (ұялы)

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

● КИНО ӘЛЕМІ

«Үздік ер адам»
номинациясы

Актер Төлепберген Байсакалов Лос-Анджелесте өткен Asian World film festival кинофестивалінде «Үздік ер адам рөлі» номинациясын жеңіп алды. Марапат «От» фильміндегі жұмысы үшін табысталды. Бұл туралы картинаның продюсері Диана Әшімова Instagram-дағы парақшасында жазды. Дүниежүзілік Азия кинофестивалі (AWFF) осымен жетінші рет, жыл сайын өткізіліп келеді. Онда азиялық режиссерлердің жұмысы көрсетіледі. Бұл фестиваль голливудтық және азиялық ойын-сауық индустриясы арасындағы байланысты нығайтады. Биыл байқауға 20-дан астам елде түсірілген 30 фильм қатысты. Еске сала кетейік, «От» фильмі бүгінгі қоғамда өмір сүріп жүрген қарапайым адамның оқиғасын баяндайды. Толік (Төлепберген Байсакалов) – үлкен мегаполисте өмір сүруге және отбасын асырауға тырысатын үлкен отбасының басшысы. Ол курьер болып жұмыс істейді, азғантай жалақыға отбасын асырай алмағандықтан, ол да көптеген адамдар сияқты несие алып, қарызға батып өмір сүруге мәжбүр болады. Сонымен бірге, ол қызына үлкен үміт артады. Күндердің күнінде жұмыстан үйге оралғанда қызы Сәуленің жүкті екені туралы күтпеген жерден хабардар болады. Бұл жаңалық қызының болашағына арналған жоспарлардың күл-талқанын шығарады. Жағдайды шешуге тырысқан Толік бірқатар қиындық пен оқиғаға тап болады. «От» фильмінің әлемдік премьерасы Пусандағы (Оңтүстік Корея) халықаралық кинофестивальде өтті. Өткен аптада актер Төлепберген Байсакалов Сочи кинофестивалінде «Үздік ер адам рөлі үшін» марапатқа ие болды. Фильмді ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы көмегімен А-Team Production компаниясы түсірген.



Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.



КӨРМЕ



ТЕГЕРАНДА КӨРМЕ ӨТТІ



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Қазақстан Республикасының Иран Ислам Республикасындағы Елшілігі қазақстандық «Аялаған алақан» қоғамдық қайырымдылық қорының бастамасымен Тегеранның «Зэрна» көркемөнер галереясында «Әлем балалар көзімен» атты қазақстандық мүмкіндігі шектеулі балалардың сурет көрмесін ұйымдастырды.

Аталған көрмеге мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек көрсететін «Аялаған алақан» қоғамдық қайырымдылық қоры ұсынған балалардың суреттері қойылды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орайластырылған аталмыш көрменің басты мақсаты – қиындықтарға қарамастан, осы балалардың мүмкіндіктері шексіз екендігін, олардың ізгі ой-арманын, өмірге деген құштарлығын ашып көрсету. Көрмеге қойылған туындыларды иран-

дық өнер, білім қайраткерлері, іскер топтары, ҚР азаматтары мен Ирандағы қазақ диаспорасының өкілдері келіп тамашалады.

Қазақстандық балалардың шығармашылығымен танысқан заң ғылымының докторы, профессор Саййед Хасан Амин, мүсінші Фатеме Асади және өзге де ирандық қайраткерлер қазақстандық ерекше балалардың шығармашылығынан олардың дүниеге іңкәр көзқарасын анық көруге болатынын айтты.



ЖӘРМӨҢКЕ

Демалыс күндері
шаһарда
Желтоқсан мен
Наурызбай батыр
көшелерінің
қиылысында «Шеберлер
жәрмеңкесі»
ұйымдастырылды. 500-ге
жуық қолөнер
бұйымдарының арасынан
бұрын-соңды көрмеген бір
аспапқа көзім түсті.



АДАМДЫ ЕМДЕЙТІН МУЗЫКАЛЫҚ АСПАП немесе глюкофон жайлы не білеміз?



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Жақындап барып, әлгіні таяқшалармен қаққаныма, ерекше әуендерді естідім. Сонымен қатар, медитация мен шаңқобыздың дыбыстарын еске түсірдім. Мен ғана емес-ау, жанымдағылардың барлығы дерлік бұл аспапқа қызыққанын байқадым. Аспапты құрастырушы Илья Мордовецпен сұхбаттаса отырып, сол глюкофон деген аспаптың қалай жасалғанын білдім.

Шебердің әкесі – зейнеткер, ол да шебер. Ал анасы есепші, ол кісі де қарап отырмай, глюкофондарға арналған қаптар мен бөшкелерді тігетін дизайнер ретінде қызмет ететінін білдім.

– Осыдан тоғыз жыл бұрын достарымның үйінен осындай құралдың бар екенін байқадым, таныстым, қызықтым, бір сөзбен айтқанда, ұнаттым. Достарыммен сөйлесе келе, біздің елде бұл аспапты ешкім жасамайтынын, шет елден әкелетінін ұғындым. Кейін өзгеше музыкалық аспапты өзім жасауға бекіндім. Қалай істейтінімді ойластырдым, қажетті құралдарын тапсырыспен алдырттым. Осылайша глюкофонды отбасылық кәсіпке айналдырдым, – дейді Илья Мордовец.

Қоңырау мен металлофон арасындағы айқас сияқты естілетін барабан-

ды ойнау өте қарапайым: әуезді дыбыстарды шығару үшін таяқшалармен немесе саусақтарыңызбен әртүрлі жерлерді соғасыз. Сол сәтте тұла бойыңызға әлдебір жылылық тарап, өзіңізді жайлы сезінесіз. Шебер де дәл осы әуезді іздестіріп, аспаптың пайдалы тұстарын аңғарған.

– Көптеген адам глюкофонды емдік құрал деп санайды. Ол музыкалық ырғақ сезімін, зейінді, реакцияны, үйлестіруді, ұсақ моториканы дамытады, музыкаға деген сүйіспеншілікті оятады. Ондағы әр дыбыс үндінен грек тіліне дейінгі әртүрлі этникалық мотивтермен толықтырылған. Дыбыс терапиясы, дыбыстармен емдеу – медицинадағы аз зерттелген бағыт. Тибеттіктер ұзақ уақыт бойы үйлесімділікке жету үшін медитацияның құралы ретінде арнайы ән дыбыстарының дыбыстық массажын қолданған. Олар тостағандарды науқастың денесіне қойып, әлемде теңдесі жоқ дыбыстарды шығару үшін тостағанның шеттерін раушан ағашының немесе қарағайдың таяқшасымен жүргізген. Пайда болған діріл науқастың денесіне оның ішкі мүшелеріне әсер етті. Зерттеушілердің пікірінше, музыканың тербелісі науқастың жоғары жүйке қызметінің механизмдеріне әсер етіп, қалпына келтіру процестеріне бастайды, – дейді шебер.

Құрал екі тостағаннан жасалған, біреуінде қамыс барабан жапырақта-

ры, екінші резонанстық тесікте орналасқан. Әр жапырақшаның өзіндік ерекше үні бар. Дыбыс аспаптың көлеміне байланысты. Үлкен глюкофондар бай басс пен терең дыбыс шығарады. Кішкентайларында жоғары тон және айқын дыбыс бар. Әрбір дыбыс көңіл күйді білдіреді: ойлы, ғарыштық, мистикалық, тыныш, жеңіл, көңілді үндерді шығарады.

– Глюкофонмен сіз аспаптық ансамбльде ойнай аласыз. Мысалы, Алматыдағы «The Spirit of Tengri» халықаралық заманауи этникалық музыка фестивалінде әлемнің түкпір-түкпірінен келген этникалық топтар глюкофондарда ойнайды, – дейді И.Мордовец.

Глюкофондардан басқа, Илья этникалық музыканы білушілерге хенд-пана ханги, ән салатын тостағандар, қоши, варгандар, шаңқобыз, негізінен орыс, Алтай, беларусь шеберлерінің аспаптарын ұсынады.

– Ханг – перкуссиялық құрал, глюкофонның ұрпағы, екі металл жараты шардан тұрады, оны 2000 жылы Швейцарияның Берн қаласынан Феликс Ронер және Сабина Шерер ойлап тапқан. Коши (қоши) – француз қоңырауы, оны жел музыкасы деп те атайды. Жасаушысы – француз шебері Кабир. Бамбук цилиндрінің ішінде сегіз болат шыбық бар, олар белгілі бір нотаға сәйкес келеді, олар керемет әуен тудырады, – дейді шебер.



Зирабүбі ТӨЛЕНОВА,
манаштанушы, тарих ғылымының кандидаты:

Ұлттық Ғылым академиясының академигі, тарих ғылымының докторы, профессор, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың, ҚР Мемлекеттік сыйлығының, Президенттік Бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының, «Қазақ КСР ғылымына еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағының және «Парасат» орденінің иегері – Манап Қабашұлы Қозыбаев көзі тірі болғанда үстіміздегі жылы 16 қарашада 90 жасқа толатын еді.

Қазақстан тарих ғылымының дамуы жолында қарымталы еңбек еткен, ал 90-жылдардың басында ескі көзқарастардан бас тартып, жаңа құндылықтарды қабылдау мен пайымдауда жаңа тұжырымдамалық тарихи еңбектер қажет болған тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығында отандық тарихшылардың көшбасында болған ғалым көрнекті қоғам қайраткері ретінде де ұлтына адал қызмет еткен азамат.

Ел мүддесін ұлықтаған қайраткер

Ойымызды Халық жазушысы, айтулы мемлекет және қоғам қайраткері Ә.Кекілбаевтың «Біліммен қоса білік деген, азаматтықпен қоса кісілік деген ұғымдар бар. Халық соңғы екеуін алдыңғы екеуінен кем қадірлемейді. Өз басыңды күйттегенде қайсысына жүгіну өз еркін, ал ел мүддесін күйттегенде төртеуіне бірдей жүгіну шарт. Манап Қозыбаев – осыны терең түсініп, қапысыз меңгергендіктен де саясатқа келген ғалым», – деп берген бағасы нықтай түсері анық. Ақиқатында, кемеңгердің сөз астарында талай сыр мен шындық жатыр емес пе?!

Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен оның алғашқы қадамдарының адымды да қарымды болуы жолында білімі мен қайраткерлігін ұштастыра жұмсай алған ғалымның мерейтойының тұспа-тұс келуінде де үлкен негіз бар деп ойлаймын. Себебі, М.Қозыбаевтың ғылыми, ғылыми-ұйымдастырушылық және педагогикалық қызметтерімен қатар мемлекеттік және қоғамдық өмірге де белсенді араласқан көрнекті қоғам қайраткері ретінде шыңдалған кезеңі – ХХ ғасырдың 80-жылдарының ортасында басталған қайта құрулардың тұсында ептеп бой көрсеткен демократиялық ағымдар мен сөз бостандығы, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін өріс алған ұлттық сана мен тарихи шындықты қалпына келтіру жолындағы алғашқы қадамдар тарихшыларға ғана емес, жалпы қоғамтанушылар үшін жаңа міндеттер жүктеген күрделі жылдар болатын. Ол тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінен бастап-ақ оның өткені мен бүгін, ертеңі туралы тереңнен ой қозғап, мәселе көтерген тарихшы-ғалым және халық қалаушысы еді.

Он екінші шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің халық депутаты болып сайланған 1990 жылдардың басы М.Қозыбаевтың мемлекет қайраткері ретінде танылған тұсының шырқау шыңы болды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайлануға жалпы республикалық қоғамдық ұйымдардан 41 ұйымнан 168 кандидат, оның ішінде Ғылым академиясынан – 39 адам тіркеледі. Республика Ғылым академиясынан және оның жанындағы ғылыми қоғамдардан 1990 жылғы 19 наурызда өткен конференциясында сегіз кандидат бес мандатқа үміткер болды. Сайлау қорытындысы бойынша Академиядан ұсынылған – 8 ғалым-қайраткерлерден Ш.Е.Есенов, А.А.Абдуллин, С.З.Зиманов, М.Қозыбаев, О.С.Сәбденовтер сайланды.

Депутат Манап Қабашұлының сайлау алдындағы тұғырнамасында, яғни нақтылы бағдарламасында: саясат, экономикалық дербестік, ҒА жанынан іргелі ғылыми бағыттарды ғылыми сараптау және болжау жөніндегі кеңес құру, ұлттық саясат, экология, ғылым салаларының жағдайын түбірімен өзгерту арқылы жақсарту жан-жақты қаралған. Ғалым-қайраткер ендігі жерде сайлаушылар аманатын орындау үшін осы бағдарламасының үдесінен шығу жолында қызмет етеді.

Ақтандақ жылдар ақиқаты

Алғашқы қадамдарының бірі, өзі басқарып отырған институт ұжымын сталиндік репрессияның зардаптарын ашуға жұмылдырған ғалым, депутат ретінде бұл мәселені Жоғарғы Кеңестің алдына да қояды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қараша айындағы сессиясының қарауына «Сталиннің Қазақстан халқына қарсы жасаған қылмыстары туралы» қаулының жобасын ұсынады. Мұндай қаулы қабылдау ел арасындағы дау-дамайдың, жел сөздің ініне су құяр еді, республика халықтарын топтастыра, біріктіре түсер еді деп тұжырымдайды. Тарихи әділдіктің жеңуін, орнауын сұрауы ұлтжанды азаматтың келбетін, шынайы тарихшы-ғалым екендігін танытады.

ХХ ғасырдың 90-жылдары «Елдіктің шарты – егемендік, дербестік – даму тұтқасы» деген ұран басшылыққа алынып, қоғам мен халық серпілген тұста Республика дербестігін алу, оның Президентін сайлау керек пе, жоқ па деген сауалдар күн тәртібіне қойылған сәтте депутаттық мінберден уақыт талабына алғашқылардың бірі болып үн қатты. Өзі ойын былай білдірді: «Одақтас Республикаға президент керек пе?» деген сұрақты бүгінде ел аузынан жиі естуге болады. Егер Одақтағы Республикамыздың статусы сол күйінде қалатын болса, бұл сұраққа мен «керек емес» деп үзілді-кесілді жауап берер едім. Ал егер Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы жаңа федерацияның құрамына шын мәнінде шартпен еніп, өзінің саяси, экономикалық дербестігіне сөз жүзінде емес іс жүзінде жетер болса, президенттік статус керек. Менің түсінігімше, президент республика басшысы, ел ағасы, демократияның шын мәнінде түсінетін халықтың қорғаны болады. Президент кеңестік парламентке өз қызметі туралы есеп беруге міндетті, халық алдында тәуелді. Олай болса, ол шексіз биліктің, диктатураның иесі болмауы керек. Ол халыққа қалтқысыз еңбек еткенде ғана ел сүйіспеншілігіне бөлене алады. Міне, сон-

ХАЛҚЫНА ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН ТҮЛҒА



дықтан да Одақ көлемінде, республика шеңберінде өміріміздің толғағы жеткен мәселелерін әрі-сәріге салмай, өз билігімен шешетін, ел алдында, халық алдында, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі алдында, өз арының алдында жауап беретін Президент керек деп ойлаймын».

Қазақстан КП ОК-нің ұлт тарихындағы «ақтандақтар» мәселелері жөніндегі идеологиялық комиссиясының жұмысында ғалым-сарапшылар құрамында болған М.Қозыбаев «Қазақстан КП (б) ОК 40-жылдар мен 50-жылдардың бас кезінде қоғамдық ғылымдар қабылдаған кейбір қаулылары туралы анықтама» және «Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы» жайында анықтама дайындауға белсене қатысады. Комиссияның мақсаты – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1930–1950 жылдарға дейін қабылданған қаулыларын қайта қарап, әділ бағасын беру. Комиссия құрамына тарихшы, әдебиетші, тілші мамандар тартылып, олар «Қазақ зиялылары ұлтшыл» деген қаулыларды түгелдей қарап шықты. Комиссияның төрағасы және мүшесі ретінде оң тұжырымдарын жазып, ұлы арыстарымызды ақтауға үлкен үлес қосты. 1989-1990 жылдардың басында алашқа мәшһүр азаматтарымыз толығымен ақталып, бұл мәселе өз шешімін тапқандығы белгілі.

Комиссия жұмысына Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының қызметкерлерімен қатар оның директоры Манап Қозыбаевтың өзі де белсене кіріседі.

Егемендіктен – Тәуелсіздікке дейін...

Республикамыздың шынайы тәуелсіз дамуын заңды тұрғыдан рәсімдеуге жол ашқан «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны» дайындаған комиссияның мүшесі ретінде оны халықтық талқылаудан өткізу, ұсыныстар мен ескертулерді жинақтау, сараптамадан өткізу сияқты жұмыстармен қатар мерзімді баспасөз бен ақпарат құралдарында Декларацияның маңызы мен мәнін халыққа түсіндіруде де ғылыми негізделген мақалаларын жазған М.Қозыбаевтың атқарған ісі мен сөзі көпшілік қолдауына ие болды.

Жоғарғы Кеңестің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі» туралы Занды талқылаған 1991 жылғы 16 желтоқсандағы 7-ші сессия мінберінен бұл жеңіс әлемдік үстемдікке тырысып келген империяның құлдырау сәтінде қалдырған мұрасы емес, бұл қазақ халқының сонау Түрік қағанаты құрылған кезеңнен басталған он бес ғасырлық тарихы бар мемлекеттілік пен өз бетінше даму тәуелсіздігін көксеген арманы болды. Сондықтан да мемлекеттілік тәуелсіздік туралы заңда халық тағдырының тарихи сабақтастығы, табанды күреспен алған тәуелсіздігін, әсіресе оны жоғалтып барып қайта алғандығын ашық көрсетіп жазу тарих тағылымы үшін қажеттілігін ашық айтады.

Сессия мәжілістері барысында Конституция, тәуелсіздік Декларациясы, тіл, жер, т.б. Қазақстан меншігіне қатыстылар талқылау дау-дамаймен, пікірталасымен өткендігі мәлім. Идеологиялық бодандық менталитетімізден бірден арыла кету оңай соққан жоқ және болашаққа сенімсіздік үрейі жаулаған ел азаматтары да аз болған жоқ. Осы жерде қысқа мерзім ішінде саяси, экономикалық, рухани тәуелсіздігімізді нығайту қажет болған тұста аяқтан шалғандар да табылды. Солардың бірі, депутат Б.Беликтің Конституцияны әлі қабылдауға ерте деген ұсынысын өткізбек болған әрекетіне мінберден жауап берген М.Қозыбаев: «Мен депутат Б.Беликтің Негізгі Заң – Конституцияны қабылдауға әлі ерте дегеніне қосыла алмаймын. Ол мемлекеттің субъектісі – ұлт жоқ дегендей пікір айтты. Сізді ренжітуге тура келіп тұр, ондай ұлт бар, ол – сонау XVIII ғасырдың ортасында, жоңғарлармен күрес барысында қалыптасқан қазақ ұлты. Қазақстанда одан



басқа жүзден аса ұлт өкілдері тұрады. Олардың негізінде Белик мырза қалағандай жаңа ұлт қалыптасады деп айта алмаймын», – дей келе, «Қазақ халқы отаршылықтың тепкісі мен азабын әбден-ақ көрген халық. Ал депутат Сенько метрополия тілінің Нигерияда сақталуын метрополияның тарихи маңызы ретінде көрсеткісі келеді. Африка халықтары, Сібір халықтары тілдерінің жоғалуын, қазақ тілінің құрып кетуге шақ қалғанын Ұлыбритания мен Ресей империясының сіңірген еңбегі деу қалай болар екен. Ол мақтанш емес, ол масқара... Сондықтан да мен айтар едім: «Қымбатты славян әріптестер, рақымды болындар, тым болмаса бір рет империялық ойлаудан шығып, қасіреті көп қазақ халқының дамуы мен өркендеуіне бөгет жасамандар...», – деп түйіндейді. Бұл – ел тағдыры шешілер тұстағы Манап Қабашұлының ұлт алдындағы перзенттік парызының өтеуіндей болған төрелік кесімі еді.

Академик М.Қозыбаев 30–40-жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің құрбандарын анықтау және оларды ақтау жолында жалпы мемлекеттік маңызы бар көлемді де жүйелі жұмыстар жүргізді. Алматы облысына қарасты Талғар, Іле аудандарының аумақтарында, Кіші Алматы өзені мен Алматы-Николаевка жолы бойында, Әлі және Жаңалық ауылдары маңында 30–40 жылдары саяси қуғын-сүргін құрбандары жаппай жерленгендігі анықталды. «Жаңалық» селосының маңындағы зират басында 1993 ж. «Әділет» қоғамы Талғар аудандық әкімшілігімен бірлесіп, сталиндік жаппай сипат алған террор құрбандарының сүйектерін қайта жерлеп, келешек мемориал-кешеннің орнына тас қойылды. Аталған шаралар өз жалғастығын М.Қозыбаев республикалық «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының төрағасы қызметін атқарған 1993 жылдан жанданып, қанатын кең жая түсті. Оның басшылығымен саяси қуғын-сүргін құрбандары туралы 5 томдық «Азаль кітап», Ұлы Отан соғысында қаза тапқандар туралы 60 томнан асатын «Зерде кітабы» – «Боздақтар» басылып шықты.

«Халықтың мәңгілік ғұмыры оның тілінде» деген халық даналығын басты өмірлік қағидаларының бірі ұстанған М.Қозыбаев және өзге де Ғылым академиясынан сайланған А.Абдуллин, С.Сартаев, С.Зиманов секілді майталман ғалым-қайраткерлер тобы өз мандаттары жүрген ЖК сессиясының тіл мәселесі қаралған мәжілістерінде қазақ тілінің мәртебесін мемлекеттік деңгейге көтеру үшін күресті, өзгелерді де осыған шақырды.

Ғалым-қайраткер тұлғаның қоғамдық қызмет жолы да ғылыми-ұйымдастырушылық-шығармашылық мұрасындай қомақты да терең, арқалаған жүгі ауыр. Өзіне де, өзгеге де талап қоя білген М.Қозыбаев ұлтының адал перзенті ретінде де, халық қалаушысы ретінде де алдына қойған мақсат мүддесін шыға алды, өзіне артылған сенімді де ақтай алды. Сондықтан алаштың ардақты ұлдарының санатынан ойып тұрып орын алды, оның жарқын бейнесі артында қалдырған құнды да бағалы рухани байлығымен мәңгілікке ұлтының санасында хатталып қалары сөзсіз.



● ФУТБОЛ

АНТИРЕКОРД ЖӘНЕ СОҢҒЫ ОРЫН

2022 жылғы әлем біріншілігіне іріктеу кезеңі
9 тур. 13 қараша

Франция – Қазақстан – 8:0 (Мбаппе, 6, 12, 32, 87, Бензема, 55, 59, Рабьо, 75, Гризмани, 84-пенальтиден).

Футболдан 2022 жылғы әлем чемпионатына іріктеу кезеңі Еуропада аяқталып келеді. Қазақстан құрамасы соңғы кездесуде сырт алаңда Франциядан 0:8 есебімен жеңіліп, соңғы орында қалды.

Бұл – Қазақстан құрамасы өз тарихындағы ең ірі жеңіліс. Осыған дейін 2005 жылы әлем біріншілігіне іріктеу кезеңінде отандастарымыз Түркиядан – 0:6, 2008 жылы жолдастық кездесуде Ресейден 0:6 есебімен жеңілген еді. Франция құрамасының бас бапкері Дидье Дешамның баспасөз мәслихатындағы сөзі қатты ойға қалдырды: «Біз қарсыласымызға құрмет білдіріп, екінші таймда да ойын арқауын босатқанымыз жоқ», – деді ол. Яғни Дешам ойынның екінші кезеңінде де шәкірттерін босансымауға, шабуылдаған үстіне шабуылдай түсуге шақырды деген сөз.

Осы іріктеу кезеңін отандастарымыз наурыз айында дәл осы француздарға қарсы ойынмен бастап, жанкүйер көңіліне біраз үміт ұялатып еді. «Астана Аренада» өткен кездесуде қақпашы А.Моккин француз сұрмергені К.Мбаппе тепкен пенальтиді қайтарды. Одан кейін сырт алаңнан Қазақстан құрамасы бір ұпай олжалап қайтты (Украина – 1:1). Күздің алғашқы күнінде Украинамен Нұр-Сұлтанда өткен кездесу де қаһармандықпен тәмамдалып, Р.Валиуллиннің дубліне



тандай қақтық. Одан кейінгі Финляндиядағы сәтсіздік (0:1) еңсемізді түсіре қойған жоқ. Босния және Герцеговинамен Зеница қаласындағы тең ойында да (2:2) бұл жолы бәрі басқаша болатынын аңғартқандай еді. Бірақ кейінгі үш кездесуде отандастарымыз 0:12 есебімен (Босния және

Герцеговина – 0:2, Финляндия – 0:2 және Франция – 0:8) жеңіліп, дәстүрлі түрде өз тобында соңғы орында қалды.

Әрине, биыл топ құрамының өте күрделі болғаны да рас. Бұған дейін Украина құрамасы Қазақстанды екі іріктеуде 4 рет жеңген болса, Финляндия да бір іріктеуде тоқайласып, екі кездесуде жерге қаратып қайтарған еді. Сондықтан о баста біздің орнымыз ең соңғысы болатынын шамаласак та, әлем чемпиондарынан 0:8 есебімен ұтылуды жоспарламағанымыз да, тілемегеніміз де рас. Бас бапкер Т.Байсуфинов «барымен базар» болды: бұл кездесуге айыпталған Б.Зайнутдинов пен Я.Вороговскийдің қатыса алмайтыны о бастан белгілі болды, ал С.Малый, А.Нұрғалиев, Г.Жуков, А.Тағыбергенов, А.Бейсебеков, Ю.Логвиненко сияқты негізгі құрам ойыншылары жарақат салдарынан тіпті Парижге ұшқан да жоқ. Бірақ олардың ізбасарлары осынша ірі есеппен жеңілгені жанкүйерді қатты ренжітіп, тіпті ашыңдырып отыр.

Қазақстан құрамасы бүгін Нұр-Сұлтанда Тәжікстан құрамасымен жолдастық кездесу өткізеді. Оның нәтижесіне қарамастан, биылғы маусым қазақ футболы үшін тым сәтсіз болды дей аламыз. Құрама жеңіліс антирекордтың жасап, іріктеу тобында соңғы орында қалды.

Клубтық командалар еурोकубоктарда «КуПС» (Финляндия), «Жилина» (Словакия) сияқты ортаңқол командалардан жеңілді. Чемпиондар лигасының іріктеуінен сырғы келіп, Конференция лигасының топтық турниріне табан тіреген «Қайрат» та еурокөктемнен үміт үзді.

● КӘСІПҚОЙ БОКС

Мурата – алда, Канело – ойда



Жұрт күткен жекпе-жек ақыры өтетін болды: 29 желтоқсанда Токиодағы (Жапония) Saitama Super Arena-да Геннадий Головкин мен Риото Мурата біріктіруші жекпе-жек өткізеді. Яғни бұл жекпе-жекте Головкиннің орта салмақ дәрежесіндегі IBF және IBO атақтары, Муратаның WBA «суперчемпионы» атағы сарапқа салынады.

Қос мықтының кездесуі жыл бойы жоспарланды. Соңғы рет Головкин жұрт алдында өткен жылдың желтоқсан айында өнер көрсетіп, поляк Камил Шереметаны нокаутпен жеңді. Сөйтіп, әлем чемпионы атағын 21-рет сәтті қорғады. Ал Мурата болса, 2019 жылдың желтоқсан айында өз атағын америкалық Стиван Батлермен кездесуде қорғағаннан бері ел көзіне түспеді.

«Бұл жекпе-жекке мені көп фактор итермелейді. Біріншіден, Мурата WBA нұсқасы бойынша суперчемпион болып саналады. 2012 жылы оның олимпиада чемпионы атанғаны да ойымызда. Оны Жапонияның ұлттық батыры десек, артық айтқанымыз емес. Мен оған адам және спортшы ретінде зор құрметпен қараймын.

Өйткені, оны білемін. Бұл үлкен жекпе-жек және барлық бокс әлемі үшін зор оқиға болатынына сенімдімін. Спорттағы ғұмырдың әр кезеңінде әрбір кездесу басты жекпе-жек болып есептеледі. Қазір Муратамен кездесу мен үшін басты оқиға болмақ. Сондықтан оған барымды салып дайындалып жатырмын», – деді Г.Головкин.

Мурата да біздің чемпионға құрметпен қарайтынын байқатты. «Менің спорттағы ғұмырым дәл осы кездесуді өткізу үшін үнемі өрлеп келді», – деп мәлімдеді ол.

Қалай дегенде де, DAZN платформасымен келісім-шартты қайта жасасқан Головкин үшін бұл кездесудің маңызы зор. Осы жолы жеңіске жетсе, 2022 жылдың мамыр айында ол Сауль «Канело» Альвареспен үшінші жекпе-жегін өткізуі мүмкін. Жақында америкалық Калеб Плантты нокаутпен жеңіп, суперорта салмақта әлемнің абсолют чемпионы атағына қол жеткізген соң Альварес тек «ақшалы жекпе-жектерге» тәуекел ететінін айтып қалды. Ал Головкинмен трилогия оның қалауын толық орындайтыны күмәнсіз.

● ДЖИУ-ДЖИТСУ

Мөлдір – әлем чемпионы

Қазақстандық Мөлдір Мекенбаева Әбу-Дабиде өткен турнирде джиу-джитсудың не-ваза бөлімі бойынша әлем чемпионы атанды, – деп хабарлайды Vesti.kz.

Мекенбаева рейтингте бірінші нөмірлі болғандықтан, бірінші белдесуді өткізген жоқ. Екіншісінде корейлық қарсыласын аяғына ауырту әдісімен жеңді. Үшінші кездесуінде бірнеше жыл бұрын есе жіберген филиппиндік спортшыдан есеп айырмасымен басым түсті. Төртінші белдесуде Азия ойындарының жүлдегері, вьетнамдық қарсыласын жықты.



● КОНЬКИМЕН ЖҮГІРУ

Морозова – қола жүлдегер



Польшаның Томашув-Мазовецки қаласында өткен Әлем кубогы кезеңінде қазақстандық конькиші Надежда Морозова

қола жүлде жеңіп алды. Ол А тобында өнер көрсетіп, 1500 метр қашықтықты 01:56.925 минутта жүгіріп өтті. Бірінші орын иеленген жапониялық Михо Такагиден де (01:56.000), күміс жүлдегер Бриттани Боуден де (АҚШ, 01:56.606) отандасымыз көп артта қалған жоқ.

Бұл нәтиже Бейжің олимпиадасы қарсаңында үмітті ойларға жетелейді. Морозова бұған дейін осындай жақсы нәтижесімен көзге түспеген еді. Ал Қазақстан құрамасының ардагері Екатерина Айдова бұл қашықтықты В тобында 1:59.590 минут нәтижемен аяқтады.

Қазақстан құрамасының бас бапкері Дмитрий Бабенко мынадай қорытынды жасады: «Жалпы алғанда, біздің көрсеткішіміз көңілден шықты. Бірақ әлі де кателіктермен жұмыс істеу қажет. Нағыз жауапты жарыстар үш аптадан соң басталады. Біз сол бәсекеге бабымызда баруымыз қажет. Әрине, Надежданың жетістігі үшін қуанышымын. Бұл – осы қашықтық бойынша Қазақстанның конькимен жүгіру спортындағы алғашқы медаль. Сондықтан Надяға тек сәттілік тілеймін. Екатерина Айдова да өзін жақсы қырынан көрсетті. Ал құрамадағы өзге спортшылардың жарақаты бар, ауырып қалғандары да кездесті. Олар АҚШ пен Канадада өтетін кезендерде жақсы нәтиже көрсетеді деп ойлаймын. Енді Польшадағы турнирден сабақ алып, Норвегияда өтетін екінші кезеңге дайындаламыз».

● БОКС

Чемпионат кейінге шегерілді

Бокстан әйелдер арасында 2021 жылдың 6–19 желтоқсанына Ыстамбұл қаласына жоспарланған әлем чемпионаты кейінге шегерілді, – деп хабарлайды Olympic.kz.

AIBA бұл турнирді өткізуге бар күшін салғанымен, көптеген ұлттық федерациялардың өз елдеріндегі шектеулерге байланысты қиындыққа тап болғаны анықталды. Осыған орай, AIBA директорлар кеңесі Түркия ұлттық федерациясымен кеңесе келе, әлем чемпионатын 2022 жылғы шегеру туралы шешім қабылдады.



«Көп команда жарысқа дайындалып жатқандықтан, олардың бұл жаңалықты ауыр қабылдайтынын білеміз. Алайда, спортшылар мен ресми тұлғалардың және өзге де ұйымдастырушылардың қауіпсіздігі бірінші орында. Сондықтан біз тәуекелге бара алмаймыз», – деді AIBA президенті Омар Кремлев.

Бетгі дайындаған
Естен САБАЛАҚ.



ИНДЕТПЕН КҮРЕС

Ревакцина иммунитетті күшейтеді

Айнұр
СЕНБАЕВА

Соңы. Басы 1-бетте.

«Бақылау көрсеткендей, алты айдан кейін вакцинацияланған антиденелердің деңгейі төмендейді, яғни аурудың ықтималдығы артады. Сондықтан ревакцинацияның мәні – халықтың иммундық қабатын күшейту. Иммундық жауаптың өзіндік заңдылықтары бар. Антигенмен әр кездесу жасасушаларын нығайтады. Үдеткіш вакцинациядан кейін иммунитет күшті болады», – дейді иммунолог.

Алматылық иммунолог өзінің вакцинаның екі дозасын да алғанын, оның егде жастағы анасы да вакциналанғанын атап өтті. Ол созылмалы аурулары бар адамдар, қауіпті топтар мен қарт адамдар үшін үшінші вакцинаны алуға кеңес береді. Э.Битанова қала тұрғындарын тұмауға және коронавирусқа қарсы вакциналануға шақырды.

Алты ай бұрын және одан да көп уақыт бұрын вакцинаның екі компонентін алғандарға Э.Битанова үдеткіш вакцинацияны кешіктірмеуге кеңес берді.

Маманның айтуынша, вакцина мен ревакцинадан кейін иммунитет аурудан кейінгі иммунитетке қарағанда күштірек болады. Бұл жағдайда антиденелердің титріне назар аударудың қажеті жоқ, жасушалық иммунитеттің қаншалықты дайындалғаны үлкен мәнге ие. «Бұл қауіпті инфекция, онымен ойнауға болмайды. Үдеткіш вакцина сияқты құрал бар кезде пайда-



ланып қалу керек», – деді Э.Битанова.

Сондай-ақ, иммунолог алматылықтарды бетперде режимін және басқа да белгіленген санитарлық талаптарды сақтауға шақырды, өйткені қалада ЖРВИ жағдайларының саны көп. Бұл инфекцияның белгілері коронавирусқа ұқсас. Э.Битанова ЖРВИ-мен жылына төрт рет ауыратын ересектердің барынша сақ болуы керектігін атап өтті.

Қайта вакцинациялау мәселесіне орай Қазақстан Премьер-министрі Асқар Мамин де үн қосып, коронавирусқа қарсы ревакцинация жасауды жоспарлап отырғанын мәлімдеді.

«Міндетті түрде ревакцинация жасатамын. Тіпті осы аптада немесе келесі аптада алуға тырысамын. Маусымда бірінші «Спутник V» вакцинасын алдым, қазір Pfizer, біздің QazVac және қытай вакциналары бар. Қазір тізімім кеңейді. Кеңес аламын, әлі шешпедім. Алғашқы вакцинациядан кейін 6-8 ай қажет», – деді ол БАҚ өкілдерімен кездесуінде.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

Алматының жас белсенділері КВИ-ға қарсы вакциналанудың неліктен маңызды екенін айтты. Жастар көшбасшылары Нұрсұлтан Бекқайыров пен Бағдат Анарбаева пандемияны жаппай вакцинациялау арқылы жеңуге болатынына сенімді. Белсенді жастар 12 жастан асқан жасөспірімдердің ата-аналарын балаларына вакцина алуға шақырды.

Жас Отан Алматы қалалық филиалының төрағасы Нұрсұлтан Бекқайыров атап өткендей, ғалымдар мен вакциналарды әзірлеушілердің арқасында COVID-19 вакцинациясына қарсы көрсеткіштер азайып келеді.

«Біз жас ұрпақ тәуекел тобындағы үлкендерге қамқорлық жасауымыз керек. Бетперде киіп жүрген дұрыс, бірақ бұл аздық етеді, коронавирустың тасымалдаушысы болмас үшін бәріміз жаппай вакциналануымыз керек. Сонда ғана қалыпты өмір салтына шектеулерсіз орала аламыз», – деп есептейді Н.Бекқайыров.

Жасотандық белсенді жас өзінің отандық QazVac препаратымен егілгенін айтты. Ол вакцинаның бірінші дозасын 28 сәуірде, екінші компонентін 19 мамырда алған. Жас Отан-ның басқа да белсенді жастары түгел екпе алуда. Нұрсұлтан бүгінде Pfizer вакцинасының қолжетімділігі арқасында жасотандықтардың ең жас мүшелері де екпе ала алатындығына сенімді, себебі жастар қанатында олардың саны жеткілікті.

Брифингтің тағы бір қатысушысы – «Арлан» белсенді жастар бірлестігі ҚК төрайымы Бағдат Анарбаева жасөспірімдерді вак-

Жастар жаппай екпе алуда



циналаудың көптеген артықшылықтары бар екеніне сенімді. Бағдат өздерінің ұйымында бұрын екпе ала алмаған ЖОО-ның 100-ден астам көмелетке толмаған оқушылары бар екенін атап өтті. Енді олардың Pfizer вакцинасын алуына мүмкіндік туды. «Арлан» белсендісі атап өткендей, балалар өздерінің оқу орындарында вакцина алуға жазылуда, олардың таңдауын ата-аналары да қолдап отыр.

«Балалар мен жасөспірімдер ересектерге қарағанда ауруды жеңілдеу өткерсе де, олар вирусты таратушы болуы мүмкін. Көптеген елдер жасөспірімдерге, ал кейбіреулері жас балаларға екпе сала бастады. Менің білуімше, вирус жұқтырған балалар вирусты белсенді түрде таратады. Бұл отбасының басқа мүшелеріне қауіп төндіреді», – дейді Б.Анарбаева.

«Арлан» жастар бірлестігінің төрайымы ересектер балалардың денсаулығы мәселесіне барынша мән беріп, оларды коронавирус пен оның салдарларынан қорғауы керек деп санайды. Бағдат Анарбаеваның өзі «Спутник V» препаратымен вакциналанған, енді ол бустерлік вакцина алуды жоспарлап отыр.

Еске салсақ, Алматыда Pfizer препаратымен екпені 12 жастан бастап жасөспірімдер ата-анасының біреуінің жазбаша келісімімен ала алады.

Медициналық препараттың бір құтысы алты адамға арналған. Вакцинаның екі компонентін 21 күндік аралықпен алу керек. Қазір қалалық емханалар базасында екпе салына бастады, уақыт өте келе мектептерде вакциналау қолға алынатын болады.

Айнұр НҮРСАБЕТ.

CORONA
VIRUS2020/KZ

**БИЫЛҒЫ ТАМЫЗ АЙЫНЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН
КАНАДАДА 12-17 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ
ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ 58%-Ы КВИ-ГЕ ҚАРСЫ
ВАКЦИНАЦИЯЛАУДАН ӨТТІ.**



Қазақстанда 12-18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер, жүкті және емізугі баласы бар аналар арасында коронавирус инфекциясының алдын алу үшін осы санаттағыларға қауіпсіздігі мен жоғары тиімділігі дәлелденген «Pfizer» компаниясының вакцинасы қолжетімді.

**ЕЛІМІЗДЕ КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫНА
ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯ ТЕГІН ӨРІ ЕРІКТІ**

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 77-бабына сәйкес, көз көлген медициналық емшара, оның ішінде вакцинация егілушінің келісімімен ғана жүргізіледі.

12-17 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер ата-анасының немесе заңды өкілінің жазбаша келісімімен вакцинацияланады.

ҚАЗАҚСТАНДА ВАКЦИНАЦИЯДАН БАС ТАРТҚАНЫ ҮШІН
ӨКІМШІЛІК НЕМЕСЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАРАСТЫРЫЛМАҒАН.

CORONA
VIRUS2020/KZ

**12 ЖАСТАН 18 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ВАКЦИНАЦИЯЛАУ
БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЕГУ КАБИНЕТТЕРІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ,
ЖАСӨСПІРІМДЕР АТА-АНАСЫНЫҢ НЕМЕСЕ ЗАҢДЫ ӨКІЛІНІҢ
ҚАЛАУЫ БОЙЫНША МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМНЫҢ ЕГУ
ПУНКТТЕРІНДЕ ДЕ ВАКЦИНА АЛА АЛАДЫ.**



**МЕКТЕПКЕ БЕКІТІЛГЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ
ВАКЦИНАЦИЯЛАУ ҮШІН ЕГУ БРИГАДАСЫНДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАЯРЛАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ:**



**Вакцинаның қауіпсіздігі мен тиімділігі үшін сақтау
мен тасымалдаудың әртүрлі деңгейінде
«суық тізбек» қамтамасыз етіледі.**

«Pfizer» вакцинасы минус 60-90°C температурада
облыстық денсаулық сақтау басқармаларының
қоймаларында сақталады.

Ал, білім беру ұйымдары мен медициналық ұйымдардың
егу пункттерінде күнтізбелік 31 күнге дейінгі мерзімде
плюс 2-8°C температурада сақталады.



**МЕКТЕПКЕ БЕКІТІЛГЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМ
ЖӘНЕ МЕКТЕП БАСШЫЛЫҒЫ:**

– Егу кабинеттерін ҚР ДСМ №361 бұйрығына сәйкес
санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға
сай жабдықтауды;

– алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған
препараттардың болуын;

– бір жерде көп шоғырланбау үшін егілетін
адамдардың ағынын шектеуді;

– әлеуметтік қашықтықты сақтау шартымен
вакцинацияға дейін күту және вакцинациядан
кейін бақылауда болуға арналған жеке бөлме
жасақтауды;

– мектеп және медициналық ұйым психологтарының,
жасөспірімдерді COVID-19-ға қарсы вакцинациялауға
қатысуын қамтамасыз етеді.



Газет «Алматы ақшамы»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табак.



ВАКЦИНАЦИЯДАН КЕЙІН ИММУНИТЕТ ҚАШАН ҚАЛЫПТАСАДЫ?



АНТИДЕНЕЛЕРДІҢ ТҮЗІЛУІНЕ НЕ ӘСЕР ЕТЕДІ?



АЛКОГОЛЬДІК ІШІМДІКТЕР
АНТИДЕНЕЛЕРДІҢ ТҮЗІЛУІН
ЕДӘУІР ТӨМЕНДЕТЕДІ

ИММУНИТЕТ ҚАЛЫПТАСПАУЫ МҮМКІН:

ИММУН ТАПШЫЛЫҒЫ БАР ЖӘНЕ
ИММУНДЫ БАСУ ТЕРАПИЯСЫН
ҚАБЫЛДАП ЖҮРГЕН ПАЦИЕНТТЕРДЕ

ОНКОЛОГИЯЛЫҚ АУРУЛАРЫ БАР
ПАЦИЕНТТЕРДЕ

АҒЗАСЫНДА ГЕНЕТИКАЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ БАР ПАЦИЕНТТЕРДЕ



СТАТИСТИКА БОЙЫНША КЕЗ КЕЛГЕН
АУРУҒА ҚАРСЫ ЕКПЕ САЛДЫРҒАН
АДАМДАРДЫҢ 10%-ДА
АНТИДЕНЕЛЕР ТҮЗІЛМЕЙДІ



CORONA VIRUS 2019-NCov kazinform

ЖЕР-ЖАҒАН

Жалғыз жолаушы



Сенесіз бе, Жапонияда бір теміржол стансасы үш жыл бойына бір жолаушы үшін ғана қызмет етіпті.

Хоккайдо аралығындағы Ками-Ширатаки вокзалында пойыз

күтіп үнемі жалғыз жолаушы тұрады екен. Ол сабаққа бара жатқан оқушы қыз болатын. Пойыз сол стансаға бір күнде екі рет қана тоқтайтын болған. Алғашқысында оқушы қызды алып кету

үшін, ал екіншісінде оны сабағы аяқталған соң әкеліп тастау үшін.

2013 жылы жапон теміржол басқармасы Ками-Ширатаки стансасын жабу туралы шешім шығарады. Себебі, ары-бері ағылып жатқан жолаушылар жоқтың қасы, әрі бұл ауданға жүк тасымалы да едәуір азайып қалған.

Бірақ бір ғана оқушы жас-өспірімнің осы пойыз арқылы мектебіне жетіп жүргені белгілі болғанда, билік өкілдері бұл аялдаманы қалдыру туралы қайта шешім шығарады. Одан бөлек, күнделікті жалғыз ғана жолаушысы бар вокзалдың перронына жыл сайын жөндеу жүргізіліп отырған, ал қыс мезгілінде арнайы жұмысшы күші бөлініп, қардан тазартылатын.

Пойыздың стансаға келіп тоқтау және жүру кестесі де қыздың сабақ кестесіне орайластырылған көрінеді.

Ками-Ширатаки стансасы 2016 жылдың наурызына дейін жұмыс істеп, жабылған. Себебі, оқушы қыз бұл кезде мектебін бітірген болатын. Керемет, ә?!

Актер неге далаға қонды?



Атақты актер Арнольд Шварценеггер Калифорнияның губернаторы болып тұрған шағында Колумбустегі қонақүйдің ашылу салтанатына қадірлі мейман ретінде шақырылады.

Қонақүй қожасы губернаторға: «Бізге қалаған уақытыңызда қонақ болып келіп, ең таңдаулы деген нөмірге тегін орналаса аласыз», – деп ілтипат көрсетеді.

Арада уақыт өтіп, Арнольд губернаторлықтан түсіп, мұнда жай ғана клиент болып келгенде, қонақүй әкімшісі ақы сұраған.

Көп ұзамай ол өзі бейнеленген мүсін-ескерткіштің түбіне көрпе-төсек салып алып ұйықтап жатқан суретін жариялайды. Фотосының астына «Заман қалай өзгерген?!» деген жазба қалдырған. Бұл арқылы «Мен жоғары лауазымда болғанда бәрі асты-үстіме түсіп, айналада жүрді. Қызметтен кеткенімде олар мені ұмытып, уәдеден тайқыды. Қызметіңізге де, байлығыңызға да, күшіңізге де сенбеңіз. Ештеңе мәңгілік емес» дегенді білдіргісі келген көрінеді.

РОБОТЫҢ ЖАРАП ТҮР

Жаһандық нарықта 2026 жылға қарай 2 млн. робот пайда болады екен.



Бүгінде Лондонның оңтүстік-шығысындағы алып қоймада 2 мыңнан астам робот жұмыс істейтін көрінеді. Бір секундта 4 метр аумақта еркін қозғала алатын «ақылды құрылғылар» азық-түлік супермаркетіне онлайн-тапсырыс берген тұтынушыларға керекін тауып, дорбасына салып, тіпті көлігіне дейін тиіп жібереді екен. Қазір бұл құл-темірлерге әлемдік бизнесмендер тарапынан қызығушылық аса жоғары деседі. Өйткені, пандемиядан кейінгі кезеңдерде жұмыс қолының тапшы болатын түрі бар.

Қазірдің өзінде әлгіндей роботтарды АҚШ, Жапония, Франция сияқты 9 ел сатып алу туралы шартқа қол қойған.

Ал Амстердам өзенінде қайық-робот жүре бас тапты. Салмағы 1200 келі болатын электрлі су көлігі жолаушылар мен тауарлар тасиды.

Кейінгі кездері АҚШ-тағы дәмханаларда робот-даяшы мен робот-аспаздар көбейген деседі. Пандемия кезінде елдегі тамақтану орындарының 80%-дан астамы қызметкер таппай қалған екен. Сондықтан күні роботтарға қараған.

Осы салада жұмыс істейтін сарапшылар әлемді ковид жайлаған 2020 жылы нарықта 800 мың роботтың пайда болғанын есептеп шығарған. Енді 2 млн.-ға жетсе, біз істейтін жұмыс қалмайтын шығар-ау.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.